

2004 жылға арналған оралмандар көші-қон квотасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 қазандағы N 1216 Жарлығын жүзеге асыру туралы" облыс әкімдігінің 2004 жылғы 18 мамырдағы N 80 қаулысына және Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 қазандағы N 1216 Жарлығын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 29 қарашадағы N 1207 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2004 жылғы 29 желтоқсандағы N 192 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2005 жылғы 24 қаңтарда N 1455 тіркелді. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы әкімі аппаратының 2011 жылғы 17 қазандағы N 01.04-08/2964 хаты)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы әкімі аппаратының 2011.10.17 N 01.04-08/2964 хаты)

"Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 қазандағы N 1216 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 1 желтоқсандағы N 1476 Жарлығын орындау үшін облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 қазандағы N 1216 Жарлығын және "Оралмандардың 2004 жылға арналған көшіп келу квотасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 қазандағы N 1216 Жарлығын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 29 қарашадағы N 1207 қаулысын жүзеге асыру туралы" облыс әкімдігінің 2004 жылғы 18 мамырдағы N 80 қаулысына (тіркеу N 1276 2004 жыл 4 маусым, 2004 жыл 11 маусым "Солтүстік Қазақстан" газеті, 2004 жылғы 14 маусымдағы "Северный Казахстан") төмендегі өзгерістер енгізілсін:

аталған қаулының 1 тармағы төмендегі редакцияда баяндалсын:

"2004 жылға белгіленген 750 отбасы санындағы, соның ішінде Монғолиядан - 80 отбасы, Өзбекстаннан - 517, Ресей Федерациясынан - 150, Қырғызстаннан - 3 отбасы, көші-қон квотасы Петропавл қаласы және облыс аудандары бойынша қосымшаға сәйкес бөлінсін".

Көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.

Облыс әкімі

**2004 жылғы оралмандарды Петропавл қаласы мен облыс
аудандары бойынша бөлу**

N	Аудандар	Өзбекстан	Ресей	Монғолия	Қырғызстан	Барлығы
		квота	квота	квота	квота	квота
1	Петропавл қаласы	20	54	2		76
2	Айыртау	46	-	10		56
3	Ақжар	26	2	19		47
4	Аққайың	39	7	3		49
5	Жамбыл	55	5	-		60
6	М.Жұмабаев	44	19	-	1	64
7	Есіл	51	3	-		54
8	Қызылжар	35	26	5		66
9	Мамлют	37	17	-	1	55
10	Ғ.Мүсірепов	28	4	13		45
11	Тайынша	26	2	17	1	46
12	Тимирязев	31	3	3		37
13	Шал ақын	52	-	-		52
14	Уәлиханов	27	8	8	-	43
	Барлығы	517	150	80	3	750